ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ

РҰҚСАТ ЕТЕМІН
Тіл және әдебиет
институтының директоры
Е. Сабиева _____
«____» қыркүйек 2025 ж.

2025-2029 жылдарға арналған білім беру бағдарламаларын
дамыту жоспары
7М01705Қазақ тілі мен әдебиеті

Петропавл, 2025

РҰҚСАТ ЕТІЛДІ
Институт кеңесінің отырысы, хаттама № 2 «25» қыркүйек 2025ж.

Төраға _____ *Е. Сабиева*
(қолы)

ҚАРАЛДЫ
«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының отырысы, хаттама № 1 «28» тамыз 2025ж.

Кафедра меңгерушісі_____Г. Мухамеджанова
(қолы)

КЕЛІСІЛДІ:
Профессор-оқытушылар құрамы:
аға оқытушы _____ Ж.Кокбас
(қолы)
профессор _____ Ж.С. Таласпаева
(қолы)
Жұмыс берушілер:
Қожаберген жырау атындағы №6 мектептің
директоры _____ А. Ж.Ескалиева
(қолы)
М.Жұмабаев атындағы IT-мектеп-лицейі
директоры _____ Б.Ж. Касенова
(қолы)
Студенттер:
ҚТӘ-22к тобының студенті _____ А.Ережепова
ҚТӘ-м-25 тобының студенті _____ Ф.Біржан

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖАСАУДЫҢ НЕГІЗІ:
М. Козыбаев атындағы СҚУ-дың 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы (Стратегиялық даму жоспары).

1. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

Сыртқы орта сипаттамасы

ББ бірегейлігі	«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының бірегейлігі Солтүстік Қазақстанның көптілді және көпмәдениетті ортасында кәсіби қызмет атқара алатын білікті педагогтерді даярлауға бағытталуымен айқындалады. Бағдарлама өңірдегі тілдік ахуалды, мәдени кеңістіктің ерекшеліктерін, білім беру ұйымдарының қажеттіліктерін және қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту жөніндегі мемлекеттік саясаттың басымдықтарын ескереді. Бағдарламада қазақ тілін меңгеру деңгейі әртүрлі білім алушылармен жұмыс істеуге басымдық беріледі. Болашақ педагогтер қазақ тілін ана тілі, екінші тіл және мемлекеттік тіл ретінде оқытудың әдістемелерін меңгереді. Олардың саралап оқыту, деңгейлік тапсырмалар әзірлеу, тілдік кедергіні азайту және білім алушылардың еркін қарым-қатынас жасауына қолайлы тілдік орта қалыптастыру құзыреттері дамытылады. Өңірлік компонент оқу мазмұнының ажырамас бөлігі болып табылады. Білім алушылар Солтүстік Қазақстанмен өмірі мен шығармашылығы сабақтас Мағжан Жұмабаев, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Шоқан Уәлиханов және басқа да көрнекті тұлғалардың мұрасын, сондай-ақ жергілікті фольклорды, ауыз әдебиетін, ономастика мен топонимиканы, елді мекендер тарихын және өңірдің тілдік ерекшеліктерін зерделейді. Бұл мазмұн тіл, тарих және мәдениет сабақтастығын түсінуге, тарихи жадыны, рухани-адамгершілік құндылықтарды және азаматтық бірегейлікті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бағдарламаның тәжірибеге бағдарлануы мектептермен және басқа да білім беру ұйымдарымен жүйелі байланыс арқылы қамтамасыз етіледі. Педагогикалық практика барысында студенттер оқу үдерісін бақылайды, сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар өткізеді, оқу-әдістемелік материалдар әзірлейді, заманауи оқыту тәсілдерін қолданады және оқу нәтижелерін бағалайды. Осы жұмыс олардың нақты тілдік ортада тәжірибе жинақтап, қазақ тілін меңгеру деңгейі әркелкі сыныптарда тиімді жұмыс істеуіне жағдай жасайды. Кәсіби даярлық мазмұнына интерактивті оқыту, жобалық және зерттеушілік қызмет, критериалды бағалау, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, проблемалық оқыту және білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру технологиялары енгізілген. Бұл тәсілдер оқу материалын механикалық меңгеруге емес, тілді саналы әрі орынды қолдануға, көркем шығармаларды талдауға және білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Бағдарлама ғылыми-зерттеу және инклюзивті білім беру құзыреттерін де қалыптастырады. Сонымен қатар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған тапсырмалар мен оқу материалдарын бейімдеуді, психологиялық тұрғыдан қауіпсіз орта құруды және әр білім алушының оқу үдерісіне толыққанды қатысуын қамтамасыз етуді үйренеді. Бағдарлама түлектері жалпы білім беретін мектептерде, колледждерде және білім беру орталықтарында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс істей алады. Қалыптасқан құзыреттер оларға әдістемелік, ағартушылық,

	редакторлық, аудармашылық, мәдени-білім беру және ғылыми-зерттеу қызметімен айналысуға, сондай-ақ мәдениет ұйымдарында, бұқаралық ақпарат құралдарында, баспаларда және мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған мекемелерде еңбек етуге мүмкіндік береді. Осы бағдарлама Солтүстік Қазақстанның тілдік және мәдени ерекшеліктерін ескеретін, заманауи педагогикалық технологияларды меңгерген және өңірдің білім беру қажеттіліктеріне сай кәсіби мамандар даярлауды қамтамасыз етеді.
ББ негізгі жетістіктерінің сипаттамасы	Оқытушылардың Scopus және Web of Science базаларындағы мақалалар санының артуы; Түлектер жұмыспен 100% қамтылған. Оқытушылардың шетелдік тағылымдамалардан өтуі.
Негізгі жұмыс берушілердің шеңбері:	Негізгі жұмыс берушілер жалпы білім беретін мектептер, лицейлер, гимназиялар болып табылады.
ББ бағдарламасы аясында серіктестік жүзеге асырылатын негізгі кәсіпорындар:	Жалпы білім беретін мектептер: №8, №20, Ә.Бөкейхан атындағы №25 орта мектеп; Назарбаев зияткерлік мектебі, әл-Фараби атындағы мектеп-лицей, «Парасат» мектеп-лицейі, М.Жұмабаев атындағы IT-мектеп-лицейі, Әбу Досмұхамбетов атындағы облыстық дарынды балаларға мамандандырылған гимназия-интернаты, Абай атындағы мамандандырылған қазақ мектеп-гимназиясы т.б.
ББ бағдарламасының ерекшеліктеріне сәйкес кафедра филиалдары:	М.Жұмабаев атындағы IT мектеп-лицейі, М.Жұмабаев атындағы Жоғары колледж, Қожаберген жырау атындағы №6 мектеп, Әбу Досмұхамбетов атындағы облыстық дарынды балаларға мамандандырылған гимназия-интернаты

2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

Стратегиялық бағыт 1. ***Жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беруді дамыту***

	Нәтижелердің көрсеткіштері	**бірлік өлшем**	**2025**	**2026**	**2027**	**2028**	**2029**
1.	7М01705 Қазақ тілі мен әдебиеті бағдарламасы бойынша оқитын білім алушылар контингенті	адам саны	3	4	5	6	6
2.	7М01705 Қазақ тілі мен әдебиеті ББ бағдарламасы бойынша қабылдау	адам саны	3	4	5	6	6
3.	Университетте ұйымдастырылған қоғамдық қызметке қатысатын білім алушылар саны, соның ішінде Тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыруға қатысушылар саны	адам саны	3	4	4	5	5
4.	ПОҚ саны	адам саны	10	11	11	11	11
5.	Оқытушы үдерісіне тартылған жұмыс берушілер мен бизнес құрылымдарының өкілдері саны	адам саны	1	1	1	2	2
6.	ББ бағдарламасының аккредитациясы	нақты	1				
7.	Қоғамдық ұйымдардың мүшелері саны (қалалық,	адам	2	2	2	3	3

	облыстық, республикалық, халықаралық)	саны					
8.	Қоғамдық іс-шаралар мен тренингтерге қатысушылар саны (университеттік, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық)	адам саны	4	5	6	6	7
9	Кафедра профессорларының тіл және әдебиеттің өзекті мәселелері бойынша ашық сабақ өткізу	бірл.	1	1	1	1	2

Стратегиялық бағыт 2. ***Өмір бойы білім алу жүйесін дамыту***

	Нәтижелердің көрсеткіштері (үлес, пайыз, саны)	**бірлік өлшем**	**2025**	**2026**	**2027**	**2028**	**2029**
1.	Біліктілікті арттыру курстарынан өткен ПОҚ саны	адам саны	10	11	11	11	11
2.	Сертификациялық орталықта оқу курсын өткен білім алушылар саны	адам саны	2	3	3	4	5
3.	Тілдік курстардан өткен ПОҚ саны	адам саны	1	2	3	3	4
4.	Жасанды интеллект курсынан өткен ПОҚ саны	адам саны	5	5	11	11	11
5.	Инклюзивті білім беру курсынан өткен ПОҚ саны	адам саны	10	11	11	11	11
6.	Пәндік курстардан өткен ПОҚ саны	адам саны	10	11	11	11	11
7.	Отандық тілші-әдебиетші танымал ғалымдардан ашық дәріс	бірл.	1	1	1	2	2

Стратегиялық бағыт 3. ***Ғылымды дамыту***

	Нәтижелердің көрсеткіштері (үлес, пайыз, саны)	**бірлік өлшем**	**2025**	**2026**	**2027**	**2028**	**2029**
1.	Білім беру және зерттеу жобаларына қатысатын ПОҚ саны	адам саны	2	3	3	4	4
2.	Фундаменталдық және қолданбалы зерттеулерді жүзеге асыруға қатысатын ПОҚ саны	адам саны	2	3	3	4	4
3.	Journal Citation Reports (Clarivate Analytics) деректері бойынша 1, 2 және 3 квартильдерде орналасқан немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша пайыздық көрсеткішке ие басылымдардағы жарияланымдар саны	бірл.	3	3	3	3	4
4.	Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетіұсынған басылымдардағы жарияланымдар саны	бірл.	5	6	6	7	7
5.	Білім алушылардың жарияланымдары саны	бірл.	3	4	5	6	6
6.	Ғылыми зерттеулерге қатысатын білім алушылар саны	адам саны	3	4	5	6	6
7.	Ғылыми мектептердің, орталықтар мен зертханалардың жұмыс істеуі	бірл.	2	2	3	3	3
8.	ПОҚ шетелдік ғылыми тағылымдамасы	адам саны	1	1	1	1	1
9.	Диссертациялық кеңестерде мүшелік ету	адам саны	2	2	2	3	3

10.	«Мағжан әлемі және ұлттық руханият» дөңгелек үстелін ұйымдастыру	бірл.	1	1	1	1	2
11.	«Ғылыми ізденіс және зерттеу мәдениеті» магистранттардың дәстүрлі семинары	бірл.	1	1	1	1	1

3. ББ ҮШІН ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТӨМЕНДЕТУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР

№	Тәуекелдер	Оларды жою бойынша іс-шаралар
1	Жасанды интеллектінің (AI) әсері: ChatGPT, нейрожелілер сияқты құралдардың аударма мен мәтін жазуды жеңілдетуі. Егер бағдарлама білім алушыларды осы құралдарды басқаруға үйретпесе, олар еңбек нарығында бәсекеге қабілетсіз болып қалуы мүмкін.	«Prompt Engineering (Промпт-инжиниринг)» курсын енгізу: білім алушыларды ChatGPT және басқа да тілдік модельдерге (LLM) қазақ тілінде дұрыс сұраныс беруге, мәтінді редакциялауға және стилистикалық түзетулер жасауға үйрету.
2	Цифрлық дағдылардың төмендігі:Магистранттардың тек қағазбен жұмыс істеу дағдысымен шектеліп, IT-құралдарды (білім беру платформалары) жеткіліксіз меңгермеуі.	Цифрлық дағдыларды (IT-skills) дамыту

**Аталған жоспар шығарушы кафедраның жұмыс жоспары аясында іс-шараларға кеңейтілген.*